

«ДАНА ХИКАР» ҒИБРАТЫ  
WISE HIQAR WORDS

М. ӘЛІПХАН\*

**Түйіндеме**

"Дана Хикар сөзі" - араб әліпбиімен қыпшақ тілінде жазылған ақиқат пен адамгершілік жайлы ең көне туынды. Шығарма лингвистикалық тұрғыдан біршама зерттелген. Әйтсе де онда философия мен әдебиеттің объектісі болар мәселе жетерлік. Мақалада "Дана Хикар сөзінің" қазақ әдебиетімен танымдық, тәрбиелік сабақтастығы қарастырылған.

**Кілт сөздер:** Дана Хикар, армян жазуы, қыпшақ тілі, ақиқат пен адамгершілік, ұрпақ сабақтастығы, ақыл-кеңес, ортақ ақиқат, "Құтты білік", ғалым үлесі.

**Summary**

"Wise Hiqar words" is an ancient masterpiece about honesty and morality written in Kypshak language with an Armenian alphabet. The masterpiece was researched from linguistic point. However, there are a lot of objects of philosophy and literature to be the question of research. In the article is considered correlation of Wise Hiqar words with Kazakh literature's cognitive and educational fields.

**Key words:** Wise Hiqar, Armenian writing, Kypshak language, honesty and morality, generation continuity, advice, common truth, "Qutti bilik", scientist's contribution.

Қазақ қауымы «Дана Хикар сөзімен» ең алғаш осыдан ширек ғасыр бұрын қауышқан болатын. «Дана Хикар хикаясы» - адамзаттық асыл ойдың уызындай болған әрі көне, әрі аса құнды туынды. Оны көзіқарақты қазақ қауымына алғаш таныстырып әрі мұндай аса мәнді шығарманы тіл білімі, әдебиеттану, тарих, педагогика салалары бойынша ғылыми айналымға енгізген – Сейсенбай Құдасов. Тарихи тәркіні тым терең әрі ең көне мұра саналатын «Дана Хикар сөзі» көзіқарақты қазақ қауымын бүгінде ширек ғасыр бойы рухани жағынан жебеп, демеп келеді. Адамзат білуге тиіс ең іргелі ақиқатты жеткізген «Дана Хикар сөзін» ел игілігіне жаратып танытуда С.Құдасов жасаған еңбек аса елеулі.

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің доценті, Гуманитарлық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, Шымкент-Қазақстан.

Candidate of Philology, Associated professor of South Kazakhstan State University named after M. Auezov, leading researcher of the Institute of Humanitarian researches, Shymkent-Kazakhstan.

E-mail: [maksat.alipkhan.63@mail.ru](mailto:maksat.alipkhan.63@mail.ru)

Адамзаттың ортақ игілігі саналатын «Дана Хикар сөзі» - армян жазуымен жеткен қыпшақ тіліндегі мұралар ішіндегі көркем-дидактикалық жанрдағы әзірге белгілі жалғыз шығарма. Бұл дидактикалық шығарманың сипаты мен мән-мазмұны, зерттелуі мен тілі жайлы мәлімет С.Құдасовтың 1990 жылы жарияланған «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі» [1] атты монографиясында жан-жақты берілген. «Дана Хикар сөзі» ғылымда 1964 жылы француз Ж.Дени мен поляк Э.Трыярский тарапынан француз тіліне аударылып, осы басылым негізінде ескерткіш түркологиялық еңбектерде «История мудрого Хикара», «Сказания о премудром Акире (Хикаре)», «История и поучения премудрого Хикара» деп аталып жүр [1, 5]. Шығарма негізінен Хикардың асырап алған баласы Натанға айтқан ақыл-кеңес, өсиет-нақылынан тұрады және мәтін мазмұны көбінесе бірінші жақтан баяндалады. Осыған байланысты С.Құдасов ескерткішті жоғарыда аталғандай, «Дана Хикар тарихы» дегеннен гөрі «Дана Хикар сөзі» деп алғанды жөн көреді [1, 6]. Ғалымның бұл ұсынысы бізге шығарма сипатына сай келуі себепті қисынды да орынды көрінеді.

«Дана Хикар сөзін» кім, қашан және қай жерде жазғаны жайлы дерек жоқ. Шығарма қолжазбасы 1894 жылы Львовтан Вена қаласына әкелінген. Содан жетпіс жыл өткенде 1964 жылы ең алғаш француз тіліне аударылып жарық көрген. Осыдан ширек ғасыр кейін бұл туындыны С.Құдасов қазақ тіліне аударып жариялады. С.Құдасов аталған монографиясындағы пайымдау, талдау, танытуларында үнемі білгірлік пен ғылыми дәлдік аясынан табылып отырады. Мәселен, ғалымның мына пайымдауына назар аударсақ болады: «1521 жылы қауымдағы іс жүргізу армян тілінен армян-қыпшақ тіліне көшеді: Львовтың армян сотының кітабындағы армян тіліндегі соңғы жазу 1521 жылдың 12 мартында, ал қыпшақ тіліндегі алғашқы жазу 1521 жылғы 26 августа жазылған. 1519 жылы король Сигизмунд бекіткен армян правосының заңдар жинағы 1528 жылы армян-қыпшақ тіліне аударылады. Айта кететін нәрсе – король өкіметі армяндарға латын тілінде бекітілген заңдар жинағының тексін украин немесе поляк тілдерінің қалағанына аудару мүмкіндігін бергенде, олар мұны қыпшақ тіліне аударуды жөн көреді. 1530 жылы, не бірнеше жыл кейін «Польша жылнамасы» түзіледі, 1537 жылы «Венеция жылнамасы» жазылады – екеуі де армян-қыпшақ тілінде. Львов қаласында қыпшақ тілінде көптеген қолтума және аударма шығармалар дүниеге келген. Осы кезеңде немесе сәл кейінірек «Дана Хикар сөзінің» де осы жерде

аударылуы мүмкін. Бірақ бұл әлі айқындай, нақтылай түсуді қажет ететін пікір» [1, 8-9]. Ғалым жазған осы бір пайымдауда жаңа дерек пен ғылыми таным, өзіндік зерделеу мен түйін жасау дегеннің бәрі де бар.

«Дана Хикар сөзі» - абсолютті ақиқатты айта алған өте көне шығарма. Бұл шығарманың негізгі желісі С.Құдасовтың жазуынша, біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырда Ассирияда дүниеге келген [1, 11]. Адамзаттық іргелі, абсолютті ақиқатты кім, қашан, қайда айтса да, сол баяғы түпкі, ортақ қалпында қала береді. «Дана Хикар сөзіндегі» осындай тұрақты әрі әбден сұрыпталған шындықтар мен өсиеттер оған дейін де, кейін де айтылып келеді. Бірақ бәрібір адамзат баласы өзінің өмір жолында үлгілі де өнегелі, тәрбиелі де абзал, қасиетті Құранда айтылғандай көркем мінезді бола алмай келеді. Өйткені адамзат болмысында етектен кейін тартатын тұрпайы төмен нәпсілік, келтелік қоспасы бар. Өзіндегі төмен болмысын терістемесе де, оны орнымен, жөнімен пайдаланып, Алладан келген рух, ақыл, ар жолында жүруін баянды етіп қалатындар өмірде өте аз. Абай ақын «ақымақ көп, ақылды аз» [2, 42] деп бекер айтпаған. Сөйтсе де адамзаттың ақылды, ойлы, арлы өкілдері ақыл-өсиет, келелі кеңесін айта беруден еш танбаған. «Дана Хикар сөзі» де адамзат ойы тарихының ұзын-сонар көшіндегі кезекті бір ақылды, ойлы туындысы.

«Дана Хикар сөзі» соншалық көне туынды болса да, тарихи нақты негізінен ажырамаған шығарма. Шығарма кейіпкерлері Синахериб пен Асаргардон – біздің дәуірімізге дейінгі 704 – 680 және 680 – 667 жылдары Ассирияны билеген атақты патшалар, ал Хикар - осы екі патшаның ақылды да дана кеңесшісі, іс жүргізуші хатшысы болған, яғни бәрі де - тарихи тұлғалар [1, 12].

«Дана Хикар сөзі» - адамгершілік ілімі аясында кісілікті насихаттаған ең көне шығарма. Бұрынғы-соңғы туындылардың бәрі дерлік адамгершілік ілімін әр қырынан сөз етіп, адам болу жайын өнімді жырлап келген. Адамзат қоғамындағы барша игілікті іс-әрекет осы қоғам, қауым өкілдерінің адамгершілік жағынан әдепті болуынан бастау алады. «Дана Хикар сөзі» де - осындай адамгершілік насихатына құрылған шығарма. «Наставления и история Ахихара» атты мақаласында Р. Г. Апресян «Дана Хикар сөзін» оқу барысында алдынан таныс-бейтаныс адамгершілік әлемі ашылғанын жазады [3, 96]. Бұл түйіндеудің біз үшін маңызы өте зор, мұның астарында «Дана Хикар сөзін» адамгершілік насихаты деп қабылдаған түйінді пайымдау

жатыр. Сондай-ақ Р. Г. Апресян «Дана Хикар сөзін» өз заманының қалыпты да қағидалы моральдық санасы деп біледі [3, 96].

Қазақ тіліне С. Құдасов аударған «Дана Хикар хикаясы» атты жазба ескерткіші факсимилиесі, ғылыми түсініктемесімен бірге «Әдеби жәдігерлер» кітабының 20-томында жарық көрді [4, 11-37, 376-386]. С. Құдасов «Дана Хикар сөзіндегі» оқиға желісін А. Д. Григорьевтің топтастыруы бойынша әңгімелей келіп, өз тарапынан мынадай түйін жасайды: «Осы жүйенің әйтеуір біреуіне қатысты әңгімені әлем әдебиетінен, оның ішінде қазақ әдебиетінен де молынан кездестіруге болады. Ол өз алдына жеке сөз етуді, арнайы зерттеуді қажет ететін проблема» [1, 14]. Өте ақиқат айтылған түйін. «Дана Хикар сөзі» түркі тілінің бір бұтағы саналатын қыпшақ тілінде жазылған өте көне ақыл кітабы, адамгершілік әліппесі десе де болғандай. А. Д. Григорьевтің пікірінше, әрі С.Құдасовтың да іздене жүріп түйіндегеніндей, «Дана Хикар сөзі» б.д.д. VII ғасырда, атап айтқанда, 672 (б.д.д.) жылы Ассирия-Вавилонда пайда болған. Адамзат қауымының бір өкілі ретінде бұл туындыға өз тілі арқылы қыпшақтар да елеулі үлес қосқан, мұрагері болған. А. Д. Григорьев «Дана Хикар сөзінің» б.д.д. V ғасырда белгілі болған арамей тіліндегі нұсқасындағы мысалдар мен нақылдардың Демокрит, Товиттің кітабына, Вавилон Талмудына, Данил пайғамбардың, Менандрдің т.б. еңбектеріне әсері болғанын жазған» [1, 14]. Адамзаттың ақылы жетер абсолютті, іргелі ақиқатын айта алған шығарма қай заманға да ортақ. Тегі мен тумысы, тірлігі мен болмысы, тіпті өмірін өткізген ететін өлімі де ұқсас адамзат өкілдері кеңістік пен уақыттың қай сатысында жүрсе де, өзіне дейін айтылған әрі әмбеге бірдей ортақ ақиқатқа өз тарапынан мұрагерлік етіп келген. Осы орайда армян қыпшақтары да «Дана Хикар сөзі» арқылы адамзаттық ақиқатқа өз тілінде ой қосып ортақтаса білген.

«Дана Хикар сөзінің» қыпшақ тіліндегі нұсқасы көлем жағынан шағын ғана шығарма. С.Құдасов «қыпшақ тіліндегі нұсқасын тек Хикардың өсиетінен ғана тұрады» [1, 15] деп жазады. Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда арамей тілінде хатқа түскен «Дана Хикар сөзінің» кейінгі нұсқаларында біраз өзгерістер болған. С.Құдасовтың пікірінше, қыпшақ тіліндегі нұсқасына қарағанда біршама толықтау саналатын армянша нұсқасында да Хикардың басынан кешірген оқиғалары түгел қамтылмаған [1, 15]. Ал қыпшақ тіліндегі нұсқа бізге тіптен ықшамдалып жеткен.

Шығарма басы: «Дана Хикардың сөзі, ес-ақылы. Адамзат баласы үйренсін деп айтқаны, үгіт-өсиеті. Ата баласына өсиет берсін

де естеріне алсын» [4, 12], – деп басталады. Байқағанымыздай, бұл туынды – «адамзат баласы үйренсін» деген мақсатпен айтылған үгіт-өсиет. Адамзат баласы қауымының ең кішкене бөлшегі – отбасы болса, Дана Хикар өсиеті сол отбасындағы атаның баласына айтар ақыл сөздері іспетті. «Дана Хикардың сөзі» - нақты жеке адамдар арқылы адамзаттық іргелі ойларды сөз еткен аса құнды туынды.

Шығармадағы оқиға мен айтылар ақыл-өсиет бізге мейлінше сұрыпталып, ықшамдалған, суын ағызып, сөлін ғана қалдырған қалыпта жеткен. Осы ойымыздың бір ғана мысалы мынадай: «Ұлым, аса тәтті болма, сені жұтып қояр және аса ащы болма, (сені) түкіріп тастар. Одан да жақсы жаратылысыңа, жүргеніңе, барша ісіңе сай жуас та төзімді бол» [4, 13]. Негізі, біздің эрамызға дейінгі (VII ғ.) «Дана Хикар сөзі» мен біздің дәуіріміздегі (XI ғ.) «Құтты білікке» дейінгі ғылыми, көркем және күнделікті қарапайым танымымызда адамгершілік – қайырымдылыққа баланады да, қайырымдылықтың өзі – екі кемшілікті шектің орта тұсы болып саналады. Мысалы, мырзалық, жомарттық - ас та төк ысырапқорлық та я қайырымы кем сараңдық та емес, екеуінің қақ ортасы. Ал «Дана Хикар сөзіндегі» «жақсы жаратылғаныңа, жүргеніңе, барша ісіңе (сай) жуас та төзімді бол» өсиеті мұнымен қоса әл-Фарабидің: «Бақыт дегеніміз – әр нәрсенің де өз болмысына сай болуы және сол өзіндік болмысын баянды етуі» деген тапқыр түйінін ойға оралтады. Яғни Дана Хикардың да, әл-Фарабидің де айтып отырғаны бір-ақ нәрсе – «жақсы жаратылғаны, жүргені, барша ісі» мен «өз болмысына сай» жуас та төзімді болу» - адам болу мен адамгершілік.

«Дана Хикар сөзіндегі» ақыл-өсиеттер – тоқсан ауыз сөздің бәрін айтып жатпай, түйінін ғана танытқан тапқыр ойлар. Оны кейінгі адамзат ұрпағы тарата танып, өз өміріне өзек ете білуі тиіс. «Ұлым, аяғыңда етігің барда тікенекті басып, алдыңа жол аш» [4, 13] - бұл да ғажап тапқыр ой. Адамзат өзінде бардың қадірін дер кезінде танып, бағалай білгені жөн. «Барыңда жомарт бол, ұлықтықта кішік бол, жасыңда жалыңда, танып біл, қолыңнан кеп тұрғанда қайырымды бол» деген ойлар санамыздан өзінен-өзі еріксіз ағылып туындай береді. Дана Хикар өзінің ақыл-өсиеттерін ұлына бағыштай отырып-ақ, өмірдің әр кезең, түрлі жағдайында жалпы адамзат қауымына қажет болар іргелі ойларын әбден түйіндеп, мейлінше сұрыптап жеткізеді. «Құтты біліктегі» [6] бір сұхбат барысында айтылғандай, адамзат қауымы екі-ақ топтан тұрады, олар – ұстаздар мен шәкірттер, үйретушілер мен үйренушілер. Хақ жолында өз болмысына сай жетгіле

беру тек адамға ғана тән ардақты қасиет десек, жаңағы екі топ өкілдерінің де мақсат-мұраты – осы кемелділікке жеткізер әрекеттер. Алла ғана - кемел болмыс. Ал адамзат кемелділік атты игі жолда жүрсе де, Иесіндей толық кемел бола алмайды. Жаратушы өз жаратқандарын жарылқап, олардың тәніне де, ақыл-ой, жанына да мәңгілік азық болар несібесін дайындап қойған және ол несібе Алланың құдіретімен ешқашан таусылмайды. Жан құмарынан басталып, жан қуатының арқасында рухани жағынан жетіле беру – адамзаттың басты мақсат-мұраты. «Дана Хикар сөзіндегі» ұлына айтылатын ақыл-өсиеттер осы бір киелі де қасиетті мұратқа қызмет етеді.

«Дана Хикар сөзінде» айтылатын адами және саяси-әлеуметтік қарым-қатынастар қай заманға да ортақ жағдай мен күретамыр қалып секілді. Ата мен нағашы болмысындағы естияр үлкеннің бала жиен қалпындағы әлі шала, оң-солын танып үлгермеген кішіге ақыл-кеңес, өсиет айтып, бағыт-бағдар беруі – адамзат қауымында бұрыннан бар, келешекте де бола беретін үйреншікті әрекет. Айтар ақыл, берер кеңесі бар үлкеннің тәлім-тәрбиесін ойы мен діліне сіңіріп алу – ақылды да зерек кіші атаулының абыройлы әрекеті. Өкінішке орай, Абай айтқандай, әрі өзге де бұрынғы-соңғы ойшылдар мойындағандай, өмірде ақылдылар аз болады да, ақымақ, келте кісілер көбірек ұшырайды. Нәтижесінде адамдар қатынасында Дана Хикар мен Натан арасындағыдай өкінішті, жайсыз жағдай пайда болып, мұның өзі әрі қарай ұлғайып, ел мен мемлекетке қауіп пен кесір келтіретін зор келеңсіздікке ұласып кетеді. «Дана Хикар сөзі» адамзат баласын осындай зор кесел мен қауіптен сақтандырып, алдын-ала ойландыратын тәлімді шығарма. Ақылды, ойлы үлкеннің әлі қалыптаса қоймаған кішіге жол көрсетіп, кішінің де өз кезегінде аталар жолы – жетілу мен кемелденуге бет алып жүруі – адамзат қауымының абсолютті әрі қалыпты әрекеті. Адамзат жақсыны көрумен ғана кемелденіп қоймай, жаманнан да жиреніп сабақ алады, өкіне, сан соға жүріп тура жолға түседі. Ескерткіштегі Дана Хикар мен Натан арасындағы қарым-қатынас оқырманды осындай ойларға жетелейді.

Шығармадағы патша мен кеңесші, уәзір арасындағы қарым-қатынас та адамзат қауымының келелі мәселесін сөз еткен деп білеміз. Дін мен сопылық және ғылымның да мәлімет-дерегін өн бойына түгел дерлік қамтып жинаған «Құтты білік» дастанында Айтолдының Күнтуды бекке уәзір болып келгенінде, оған айтқан алғашқы ескертуі мынадай болған, яғни ертеңгі күні, алдағы болашақта өзі жайлы қандай да бір жайсыз сөз, жөнсіз сыбыс бегіне жетер болса, оның анық-

қанығын ең әуелі өзінен сұрап білуін өтінеді [6]. Осы тектес әңгіменің дастанда айтылуы тіпті тегін емес, мұндай жағдай мен қарым-қатынас әр-әр замандағы билік иесі мен ақыл-ой иесінің арасында жиі болып тұрады. Міне осындай жағдайда Айтолды айтқан ақылды кеңес орындағандар болса, көп кесел мен обал жасаудың жолы кесілер еді, сөйтіп ақылды да адал, жазықсыз жандарға қиянат жасалмас еді. Ақылды, арлы адамзат ұлының асыл арманы да – осылайша болуы мүмкін қиянаттың алдын алып, жолын кесу. Ал «Дана Хикар сөзінде» мұндай жағдайдың арты қайырлы болғанымен, өз кезінде өкініштілеу сипатта өріс алған. Яғни патша қараниет Натанның өтірік, жалған, жала сөзіне сеніп қалып, ақылды да адал уәзірі - Дана Хикардай асыл адамын өлім жазасына бұйырады. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» [7] атты трактатында мемлекетті адам денесіне теңеп, екеуіндегі сәйкестікті салыстыра әңгімелейтіні бар. Яғни мемлекеттегі патша - денедегі жүрекке, ал уәзір - миға баланады. Сондай-ақ денедегі бауырдың мемлекеттегі әскербасына теңелетіні де бар. Бұдан шығатын түйін – адам денсаулығының мықты болуы әсіресе жүрек, ми, бауырдың саулығына байланысты болса, мемлекеттің қуатты да құтты болуы ондағы патша, уәзір және әскербасының өз міндеттерін мүлтіксіз ойдағыдай орындауына тікелей қатысты болады деген тапқыр ой. Денедегі жүрек мүшесі секілді мемлекеттегі патшаның да болмыс, мәртебесі аса жоғары. Сөйтсе де білу, тану құралы ретінде жүре келе ақылға айналатын мидың баламасы болып табылатын дана уәзірдің, жалпы ақылды адамның қызметі де ерекше елеулі. Абайдың «жүректің ақыл суаты» [2, 215] деуі тегін емес, ар-ұятты, әділетті болып жүрек жолында жүру ең әуелі олар жайлы ақиқатты танып білуден бастау алады. Ақиқатты танымай тұрып адам атану, адам болып жүру – шала тірлік. Яғни Абай айтқандай, ақыл – жүрекке ақиқатты тануда жәрдемшісі болатын тірегі, «суаты» секілді. Жүрекке қатысты айтылатын ар-ұят, мейірім, әділеттің өзін ұғым, категория, ақиқат ретінде танытатын – ақыл. Міне осындай ақыл-ой мен даналықтың иесі Хикардың патша тарапынан жазаланып, өлімге кесілуі – бір патшаның ғана емес, келте пенде атаулы жалпы адамзаттың да зор айыбы деуге келеді. «Дана Хикар сөзіндегі» осы бір оқиға қиянат пен адамзаттық айыптың қайталанбауына көмектеседі, қай кісіге де өкінішті жағдайдан сабақ алатындай ой салады. Адамзат – ақыл-есі мен санасы, адами қасиеттері бар асыл болмыс болғанымен, кемеліне жетпеген келте қалпында қала береді, әрі келтелігін әр-әр тұста танытып, қиянат пен обалға жол беріп

те отырады. «Дана Хикар сөзіндегі» патшаның Натан айтқан жала мен өсекке сеніп қалып, асыл адамын бағалай білмеуі, ақырында үлкен өкініште қалуы – бәрі де адамзат қауымында орын алуы әбден мүмкін қалыпты жағдайлар. Шығарма сюжеті мен ондағы өсиеттер адамзатты осындай өкініш пен қиянаттан сақтандырады.

«Оғызнаманың» Ф. Рашид ад-Дин нұсқасында [8] жауынгер жігіттің ақылды, дана әкесін патша әмірі бойынша еліне қалдырып кетпей, жасырын түрде өзімен бірге жорыққа алып шығатын эпизод бар. Мұндай кесек, қалыпты, қағидалы оқиғаны әдебиеттегі жинақтау әдісінің ең бір көрнекті көрінісі деуге келеді. «Оғызнамадағы» осы бір жағдай аздаған өзгеріс, біршама түрленумен «Дана Хикар сөзінде» де ұшырайды. Көрші орналасқан беделді де даңқты патшаның әрқилы сұрақ-сауал, талаптарына жауап табу әрекетінде «өліп қайта тірілген» Дана Хикардың ғана көмегі нәтижелі болады. Қай заманда да өмірде «ләппайлап» тұратын орындаушы қызметшілер көп болады да, Дана Хикар секілді сенімді серік, ақылды кеңесшілер сирек ұшырайды. Отбасынан бастап қоғам, мемлекет деңгейіне дейінгі құт-береке – Дана Хикардай ақылды адамдардың еңбегімен келеді әрі солар арқылы баянды, берекелі болып қалады. «Дана Хикар сөзіндегі» патша өкінішке орай, өсек-өтірікке сеніп, өзінің адал, дара да дана уәзіріне қиянат жасайды. Шығарма кейінгі ұрпақты, жалпы адамзатты Натан секілді танымы төмен, пенде, келте жандардың жауыз әрекетінен сақтандырады. Әмірші, патша, жалпы билік иелеріне ақылды, арлы, адал адамдарды қадір тұтып, бағалай білуді кеңес етеді. Адамзат Алла секілді кемел болмыс болмай, жануарлық жаратылысты да иеленген қоспа болмыс болуы себепті өмірде қателеспей, бұра тартпай жүре алмайды. Бірақ сол келтелік, пенделігімізге етіміз үйреніп кетсе, тағы да зор қасірет. Сократ, Абай, өзге де ойшыл, хакім тұлғалар айтқандай, Жаратушы он сегіз мың ғаламда ақыл-ес пен сана, адами қайырымды қасиетті тек бізге ғана нәсіп еткен. Ендеше адамзаттың қателеспей, қиянат жасамай, мүмкіндігінше ақыл мен қайырымдылық танытып жүруіне негіз бар. «Дана Хикар сөзі» сол ақылды, арлы, адал негізіміз бен тегімізге тартып, біздерді қиянатсыз өмір сүруге шақырады.

Адамзат қоғамында негізінен үш түрлі әлеуметтік топ болады, олар – билік иелері, ақыл иелері және қалың ел, еңбекші қауым. Ел басына күн туған қиын кезеңде қалың ел жауынгер әскерге де айналып шыға келетіні бар. Мәселе билік иелерінің Платон, Аристотель, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Абай секілді ойшылдарымыз айтып, жазып кеткеніндей қалып-қасиет пен абзал болмысқа ие бола алуында.



Патшаның қасиетті Құранда Алланың жердегі көлеңкесі ретінде танылуы тегін емес. Қайырым мен ізгілік, мейірім мен рақымды жоғары қойған мұсылмандық Шығыста басшы, әмірші, патша - адам денесіндегі жүрекке баланатынын жоғарыда айттық. Әл-Фараби адамзат тірлігіндегі барша нәрсе жүректегі ынтығушы күштен бастау алатынын жазады. Абай мен Шәкерім де әділет, рақым, мейірімді - жүректен шығар қасиеттер ретінде жырлаған. Сөйтсе де жүрек адам болудағы басты белгі – тану құралы емес. Жан құмары мен жан қуаты арқылы ақиқатты танытушы - ақыл-ой. Өзі ақылды, арлы, әділетті патша дәл өзіндей ақыл-ой мен ар-ұят иелерін қадірлей білуге тиіс. Қоғамның қуат тауып, құтқа жетуі тікелей ақыл-ой мен ар-ұят жетістіктері арқылы жүзеге асады. Дана Хикардың сөзі мен ақыл-кеңесі оның баласы есепті болған Натаннан бастап өз заманындағы күллі қауым өкілдеріне, одан өзге кейінгі-соңғы барша ұрпаққа да мәңгілік азық болмақ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құдасов С. *Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі*. Монография. – Алматы: «Ғылым», 1990. – 120 б.
2. *Абай*. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: «Жазушы», 1986.
3. Апресян Р.Г. *Наставления и история Ахикара*. – Сущность и слово. Стр. 96-114. Сборник научных статей к юбилею профессора Н.В.Мотрошиловой. – Москва: «Феноменология-Герменевтика», 2009.
4. *Дана Хикар хикаясы*. Аудармасы, факсимелиесі, ғылыми түсініктемесі. – Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 20-том. 11-37, 376-386-б. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013.
5. Әл-Фараби. *Әлеуметтік-этикалық трактаттар*. Алматы: «Ғылым», 1975. – 455 б.
6. Баласағұни Й. *Құтадғу білік: Құт әкелетін білім*. Түркістан: «Тұран», 2004. – 555 б.
7. Әл-Фараби. *Философиялық трактаттар*. Алматы: «Ғылым», 1973. – 489 б.
8. Рашид ад-Дин Ф. *Огуз-наме*. – Баку: «Элм», 1997. – 128 стр.